

Қатысқаны:
Назарбекова С.А.
Смаилова С.Қ.
Сергазы Ж.
Кункенов С. С.
Хужин А.Н.
Мухитова Н.Б.
Джаббарбергенова С.
Канафина Г.Ж.
Хауай Р.
Дукенбаева Н.Е.
Акишев К.Қ.
Асқар Е.
Ажыхан Е.
Дүйсенбаева Л.
Дүйсенбаев М.Т.
Кокумбаев К.Е.
Хожабай Б.
Сайлаухан Б.
Байгабыл Т.
Табиғатқызы Т.
Альмагамбетова С.Ж.
Жагипарова С.Т.
Кабдышева А.Қ.
Кункенова М.Н.
Умурзакова Г.К.
Ракыш Б.К.
Шамшитова Ш.А.
Кункенова Г.А.
Алеш А.
Асылбек А.
Естай А.
Шайкенова Н.Р.
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың оқу үлгерімі және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-түзету және дамыту жұмыстарын ұйымдастырылуы.

2. І тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы

3. 1,5- сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс.

4. Ағымдағы мәселелер

5.Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімнің орындалуы

1.Тыңдалды: Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың оқу үлгерімі және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-түзету және дамыту жұмыстарын ұйымдастырылуы.

Сөйледі: Назарбекова С.А.

Инклюзивті оқыту бойынша бағдарламаның басты міндеттерінің бірі — еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады. Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігінде ескерген жөн. Ал бұл процессті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына атап айтсақ оның бірі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшелігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Жалпы инклюзивті білім беру — мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін: жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады. Инклюзивті оқыту — мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту — барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Кемтар балаларың ата-анасы көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттер мен сыныптарға балаларын бергісі келмесе жалпы балалар оқытын мектептерге ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың денгейіне қарай жеңілдетілген бағдарлама бойынша инклюзивті оқытуға міндетті. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер — психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофрено мұғалімі, логопед мұғалімдері болмаған жағдайда, тәрбиешілерді, бастауыш кластың мұғалімдерін, қазақ тілі мұғалімдерін мүмкіндігі шектелген кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту қурыстарына оқытып алулары қажет. Инклюзивті оқыту — негізгі принциптері:

Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.

Барлық адам бір-біріне қажет.

Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Еліміздің Ата заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиістігі жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. «Білім туралы» ҚР-ның Заңының 21-тармағының 3 тармақшасына сәйкес инклюзивті білім беру — оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу. Сондықтан мамандар елімізде инклюзивті білім беруді дамыту қажет екендігін алға тартады. Инклюзивті білім берудің мазмұны:

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал: – жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; – мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; – мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірлентін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Қаулы етті:

1. Білім алушының қажеттілігіне қарай білім мазмұнын бейімдеу.
2. Білім алушының түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқу процесінің формасын ұйымдастыру, оқытудың көпнұсқаулығы мен амал-тәсілдерін қолдану.
3. Білім алушылардың жетістіктерін әртүрлі тәсілмен бағалау.
4. Оқу материалын меңгеру және оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктерді анықтау үшін мұғалім мен оқушы арасында жедел өзара байланысты орнату.
5. Оқу материалын меңгеру және оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктерді анықтау үшін мұғалім мен оқушы арасында жедел өзара байланысты орнату.
2. Тыңдалды: I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.

Сөйледі: Смаилова С.Қ., Серғазы Ж.

2022-2023 оқу жылының 1 тоқсан бойынша сыныптардың білім сапасының мониторингі

Сынып	Оқушы саны	Үздік оқушылар саны	Жақсы оқитын оқушылар саны	Білім сапасы	Үлгерімі
1 А	23				
1 Б	4				
2 А	28	4	10	50	100
2 Б	9	3	2	55	100
3 А	29	6	10	55	100
4 А	24	3	10	54	100
4 Б	5	0	3	60	100
Бастауыш буын	122	16	35	53	100
5 А	19	4	8	63	100
5 Б	5	3	1	80	100
6 А	22	5	9	62	100
6 Б	6	1	4	82	100
7 А	23	5	5	43	100
7 Б	8	0	2	25	100
8 А	18	3	7	55	100
9 А	15	1	6	46	100
9 Б	5	0	3	60	100
Орта буын	121	22	45	55	100
10 А	14	0	8	57	100
11 А	9	0	3	33	100
Жоғары буын	23	0	11	47	100
Жалпы мектеп	266	38	91	53,9	100

Жалпы бірлестік бойынша білім сапалары

ЕМЦ

ПӘН	1 тоқсан, 2022
математика	86
алгебра	58,7
геометрия	60
биология	61
география	66
жаратылыстану	92
информатика	57
физика	61
химия	55
ЖАЛПЫ	66,3

ГЦ

ПӘН	1 тоқсан, 2022
қазақ тілі	62,8
қазақ әдебиеті	65
қазақ тілі мен әдебиеті	73
орыс тілі	81
орыс әдебиеті	80
орыс тілі мен әдебиеті	61
ағылшын тілі	67,5
Қазақстан тарихы	67
Дүниежүзі тарихы	
Құқық негіздері	
ЖАЛПЫ	69,6625

Нач кл

ПӘН	1 тоқсан, 2022
қазақ тілі	69
әдеб.оқу	63
матем	68,8
орыс тілі	60,6
ағылшын	72,8
жаратылыстану	80
дүниетану	
ЖАЛПЫ	69,03333333

Тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстармен Серғазы Жадыра талдау жасады.
<https://www.instagram.com/p/Ch9EfrFta0W/?igshid=NDRkN2NkYzU=>

<https://www.instagram.com/p/Ch9uqxhtXGF/?igshid=NDRkN2NkYzU=>

https://www.instagram.com/p/Ch-AucYN7_b/?igshid=NDRkN2NkYzU=

<https://www.instagram.com/p/Ci0C5VMtQEb/?igshid=YmMyMTA2M2Y>

<https://www.instagram.com/p/CiHoq2PN0C9/?igshid=NDRkN2NkYzU=>

https://www.instagram.com/reel/CiHp6A_Md3w/?igshid=MDJmNzVkMjY=

<https://www.instagram.com/reel/CiHuqicNqAq/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

https://www.instagram.com/reel/CiKMsHmsrx_/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/reel/CiKMsHmsrx_/?igshid=MDJmNzVkMjY=

<https://www.instagram.com/p/CiH8PHhNwtI/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/Cjcn9tzNoyu/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/Cj14FlitBI9/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

Қаулы етті:

1. Оқушылардың дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыру;
 2. Қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде дамыту;
 3. Қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулу;
 4. Оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізу;
 5. Қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандыру.
 6. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білу.
3. Тыңдалды: 1,5- сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс.
Сөйледі: Смаилова С.Қ., Серғазы Ж.

Мектепте оқу - бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады. Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым - қатынастағы белгіленген ара қашықтықты, осы қарым - қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді. Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы бірге алып жүретін адамдар - мұғалімдер мен ата - аналар қандай іс - әрекеттерді таңдайтындығы; қандай да бір қиын жағдайда тиімді әрі дер кезінде психологиялық қолдау көрсету мүмкіндіктерінің қалай болатындығы өте маңызды рөл атқарады. Әсіресе алғашқы күндер (кейбір балалар үшін алғашқы айлар) қиын болады. Бейімделу кезеңінде баланың ұйқысы бұзылады, тәбеті тартпайды, ашушаңдық, мазасыздық, тұйық мінезділік, жылау, балаға тән емес көп сөйлегіштік немесе сөзге сарандық және т.б. өзгерістер болады. Бірақ бұл өзгерістер уақыт өте келе қалпына келеді, балалар мектеп өміріне үйренеді, аз шаршайды; көңіл - күйлері көтеріңкі жүреді, ата-аналарымен, құрдастарымен еркін араласады, тапсырмаларды орындауға тырысады. Көптеген балалардың мектепке бейімделу үдерісі осылайша орын алады. Бірінші сынып оқушысы мектепке дұрыс көзқараспен қарайды, ұсынылған талаптарды бірдей қабылдайды; оқу материалын жеңіл меңгереді; бағдарламалық материалды толық және терең игереді, қиындатылған міндеттерді шешеді; мұғалімнің түсіндірмесін, нұсқасын назар қойып тыңдайды; тапсырмаларды ішкі бақылаусыз орындайды; өзіндік жұмысқа үлкен қызығушылық танытады, барлық сабаққа дайындалады; қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды; сыныпта жақсы беделге ие. Бейімделудің орташа деңгейі. Бірінші сынып оқушылары мектепке жағымды көзқараспен қарайды, оның мектепке келуі жағымсыз уайымды туғызбайды; оқу материалын мұғалім нақты және көрнекі түрде түсіндірсе ғана түсінеді; оқу бағдарламасының негізгі мазмұнын игереді, типтік есептерді өз бетімен шешеді; үлкендердің нұсқауларын, тапсырмаларын орындауда ұқыпты, бірақ оның бақылауымен сабаққа дайындалады және үй тапсырмасын үнемі орындайды; қоғамдық жұмыстарды адал орындайды; сыныптастарының көбімен дос. Бейімделудің төменгі деңгейі. Бірінші сынып оқушылары мектепке кері және

енжар көзқараспен қарайды; денсаулық жағдайына жиі шағымданады; тәртіп бұзушылығы байқалады; мұғалімнің түсіндірген материалын үзіп - үзіп меңгереді; оқулықпен өзіндік жұмыста қиналады; өзіндік оқу жұмысын орындауда қызығушылық танытпайды; сабаққа үнемі дайындалмайды, мұғалім және ата - аналар тарапынан оған бақылау, ескертулер қажет; демалуға берілген үзілісте зейіні мен жұмысқа қабілеттілігін сақтайды; үлгі бойынша жаңа есепті шешу үшін зейіні мен жұмысқа қабілеттілігін сақтайды; үлгі бойынша жаңа есепті шешу үшін мұғалім мен ата - аналардың маңызды көмегін талап етеді; қоғамдық тапсырмаларды ешқандай ықылассыз, тек бақылаумен ғана орындайды, енжар; жақын досы жоқ, сыныптастарының кейбіреулерінің ғана аты мен тегін біледі. Көптеген оқушылар тапсырманы ойын арқылы жақсы түсінеді. Егер мектеп қарапайым және дәстүрлі бағдарламада жүргенде, бала сабақ барысында қиындықтарға тап болған жағдайда, сынап мінемей, басқа балалармен салыстырмай қолдау көрсете білу керек. Балалар әртүрлі болады. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап балаға күш беріп, қолдау көрсете білсе, бала қалыптаса бейімделіп кетеді. Үшінші табысты бейімделудің белгісі – баланың өз бетінше жұмыс жасауы, тапсырманы аяқтап болған соң ғана ересектер көмегіне жүгінуі аса маңызды. Ата-аналардың баланың орнына үй тапсырмасын жасайтын кездері болады, бұл қарама-қарсы әрекет, бұдан бала өзіне деген сенімсіздікті жоғалтады. Басынан баланың өзіне қарсы сұрақ қойып, ата-аналар көмектесуді азайтуы керек. Ең бастысы- бала өзінің қоршаған ортасына, яғни сыныптас достарына және ұзтазына бейімделуі.

5-сынып оқушысы үшін ең қиыны-бір, таныс мұғалімнен бірнеше пәнмен өзара әрекеттесуге көшу. Әдеттегі стереотиптер, баланың өзін - өзі бағалауы бұзылады-енді оны бір мұғалім емес, бірнеше адам бағалайды. Бұл кезеңдегі ата - аналардың міндеті-сіздің сыныпта жұмыс істейтін барлық мұғалімдермен танысу, осы жастағы балаларда оқу және оқудан тыс іс-әрекетте қиындықтар тудыруы мүмкін мәселелерді түсінуге тырысу. Осы кезеңде неғұрлым көп ақпарат алсаңыз, балаңызға көмектесу оңайырақ болады.

Бастауыш сыныптан орта мектепке ауысудың қандай "артықшылықтары" бар? Психологиялық тұрғыдан баланың жеке басының дамуына не береді? Ең алдымен, балалар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын біледі, әртүрлі адамдардың көзімен қарауға үйренеді, жағдайға және қарым-қатынас жасайтын адамға байланысты мінез-құлқын икемді түрде қалпына келтіреді.

Сонымен бірге, осы кезеңнің басты қауіптілігі-оқытудың жеке мағынасының өзгеру факторы, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтың біртіндеп төмендеуі. Көптеген ата-аналар баланың үйренгісі келмейтініне, "үштікке" "оралғанына" шағымданады және оған ештеңе алаңдамайды. Қызықты, тіпті қалай! Бірақ-шынымен, оқу емес. Жасөспірім, ең алдымен, байланыстардың қарқынды кеңеюімен, әлеуметтік тұрғыдан өзінің "Мен" болуымен байланысты, балалар сынып пен мектеп табалдырығынан тыс айналадағы шындықты игереді. Сондықтан ата - аналардың міндеті-осы күрделі мәселеде көмектесу. Балаңыздың достарымен көбірек танысу, оларды үйге шақыру, жасөспірімдердің хоббиі мен құндылықтарына қызығушылық таныту жақсы болар еді. Бұл жаста сыныптарда әдетте қызығушылықтары бойынша жеке топтар құрылады. Сіздің балаңыз олардың қайсысына жетеді? Неліктен?

Әрине, баланы бақылау керек, әсіресе орта мектепте алғашқы 1-2 айда. Бірақ бәрібір "жақсы оқушы" және "жақсы адам" ұғымдарын араластырмаңыз, жасөспірімнің жеке жетістіктерін тек оқудағы жетістіктерімен бағаламаңыз. Егер баланың академиялық үлгерімі қиын болса және оны әдеттегі деңгейде ұстау қиын болса, оған осы кезеңде өзін басқа нәрседе көрсетуге мүмкіндік беруге тырысыңыз. Ол достарының алдында мақтана алатын нәрсе. Оқу проблемаларына қатты көңіл бөлу, "шешімдермен" байланысты жанжалдарды тудыру, көп жағдайда жасөспірімді иеліктен шығаруға әкеледі және сіздің қарым-қатынасыңызды нашарлатады.

10-11 жастағы балалардың тағы бір ерекшелігі-олардың тәуелсіздік деңгейінің жоғарылауы. Бір жағынан, бұл өте жақсы, өйткені бала көп нәрсені жасайды және сіздің көмегіңізге, әсіресе үй шаруашылығына мұқтаж емес. Бірақ дәл осы өзіне деген сенімділік балаларға кейде өмірге және денсаулыққа қауіпті эксперименттерге баруға мүмкіндік береді. Бұл жаста көптеген балалар темекі шегуге тырысады, компьютерлік ойындарға көп уақыт жұмсайды. Дәл осы кезеңде (және бастауыш мектептен орта мектепке көшу өте қолайлы!) жасөспірімнің бос уақытын "ақымақтыққа" және мақсатсыз ойын-сауыққа уақыт қалмауы үшін жоспарлау жақсы болар еді. Баланың қандай үйірмелерге (немесе студияларға, элективтерге) барғысы келетінін, достарының қайсысы оған серіктес бола алатындығын бірге ойлауға тырысыңыз.

Қаулы етті:

1. Баланың мектепке, оқу іс- әрекетіне, мұғалімге деген оң көзқарасын қалыптастыру.
 2. Бейімделу қиыншылықтарына ата-аналардың көңілін аудару
 3. Сынып жетекші оқушылардың бейімделу процесін бақылауын жалғастырып, оқушылармен, ата-аналармен жеке-дара жұмыс пен қосымша зерттеулер жүргізсін.
 4. Ата-аналарға сабаққа қатынасуға мүмкіндік жасау.
 5. Ата-аналар мен сынып жетекшісі жасөспірімдердің бос уақыттарында үйірме, секция, сыныптың қоғамдық өміріне қатынасуын қадағалау.
4. Ағымдағы мәселелер:
- Пән бойынша курстық дайындықтар
 - Мектепшілік іс- шаралар
 - Түрлі деңгейдегі олимпиадалар
 - Нормативтік құжаттар
 - Оқушылардың қауіпсіздік шаралары
 - Педагогтардың аттестациясы
 - Жаңадан жұмысқа қабылдау ережелері
5. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер орындалды. Бірақ жұмысты жалғастыруды қатаң бақылауға алу.

Төрайымы
Хатшы.



Назарбекова С.А.
Табиғатқызы Т.